№ исх: 07-1-05/75 от: 03.12.2020

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

А15С9Т5, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

2020ж.03.12 № 07-1-05/75

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Мәжілісі**
**«Ақ жол» ҚДП фракциясының**
**депутаттары**
**А.Т. Перуашевқа**
**М.А. Қазбековаға**
**Е.Х. Барлыбаевқа**
**Е.С. Никитинскаяға**
**К.Г. Әбсәтіровке**
**Б.С. Дүйсембиновке**
**Д.М. Еспаеваға**

*2020 жылғы 4 қарашадағы № ДЗ-172 депутаттық сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясының ШОБ субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау мәселесі жөніндегі сауалын қарап, төмендегіні хабарлайды.

**1.** Төтенше жағдай және шектеу шаралары кезеңінде ШОБ субъектілеріне қолдау көрсету мақсатында Агенттік Төрағасының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 167[1] және 2020 жылғы 15 маусымдағы № 251[2] бұйрықтарына сәйкес қызметін төтенше жағдай мен карантинді енгізу нәтижесінде зардап шеккен экономика салаларында жүзеге асыратын, ШОБ субъектілерінің қарыздары бойынша кредиттік ұйымдардың төлемдерді кейінге қалдыруға мүмкіндік беруі жөнінде шешім қабылданды.

Қабылданған шаралардың нәтижелері бойынша мыналарға төлем мерзімі кейінге қалдырылды:

04.12.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Копия электронного документа.

---

[1] «Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен халықтың, шағын және орта бизнестің қарыздары бойынша негізгі борыш пен сыйақы сомаларын төлеуді тоқтата тұру тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 167 бұйрығы

[2] «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша қолдау көрсету шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 251 бұйрығы.

- **2020 жылғы 16 наурыз – 15 маусым** аралығында қызметін сауда, туризм және қонақ үй бизнесі, жолаушы және жүк тасымалдау, қоғамдық тамақтану және т.с.с. салаларда (экономикалық қызметтің шамамен **350 түрі**) жүзеге асыратын **12,5 мың** ШОБ субъектісіне **164,8 млрд** теңге сомаға;

- **2020 жылғы 15 маусым – 1 қазан** аралығында ШОБ субъектілерінің (экономикалық қызметтің шамамен **150 түрі**) **11,2 мың** өтініші бойынша **43,9 млрд** теңге сомаға төлемдері кейінге қалдырылды.

Төлемді кейінге қалдыруды беру ШОБ субъектілеріне өзінің қаржылық жай-күйін қалпына келтіргеннен кейін қарыздарды өтеуге оралуға және банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша мерзімі өткен берешектің туындау жағдайларына жол бермеуге мүмкіндік берді.

ШОБ субъектілерінің банктік қарыздарға қолжетімділігін сақтау, осы қарыздарды қайта құрылымдау және қаржылық қиындықтары болған кәсіпкерлер үшін кейінге қалдыруды беру мақсатында мынадай **уақытша реттеу шаралары** іске асырылды:

- бизнес берілген қарыздар бойынша кредиттік тәуекелдерді өтеу үшін капиталды босату үшін ШОБ субъектілеріне берілген қарыздар мен кепілдіктері және синдикатталған кредиттер бойынша меншікті капиталдың жеткіліктілігін есептеу кезінде тәуекел-саралау коэффициенттері 100%-дан 50%-ға төмендетілді;

- банктер қамтамасыз ету ретінде қабылдаған кепілмен қамтамасыз ету тізбесін кеңейту үшін МЖӘ жобалары және квазимемлекеттік компаниялардың кепілдіктері провизияларды есептеу кезінде «нақты» деп танылған кепілдіктер тізіміне енгізілді, сонымен қатар бір қарыз алушыға капиталдың жеткіліктілігі мен тәуекелін есептеу кезінде өтімді кепілзат тізбесі кеңейтілді;

- банктерге провизияларды қалыптастыру кезінде проблемалық қарыздарды қайта құрылымдау жүргізу үшін банктерге төлемдер мерзімін кейінге қалдыруға байланысты қайта құрылымдалған қарыздарды құнсыздану белгілерінен алып тастауға мүмкіндік берілді.

Бұл шаралар банктердің **468 млрд** теңгеден астам мөлшеріндегі капиталын және **1,8 трлн** теңге мөлшеріндегі өтімділігін босатуға мүмкіндік берді. Бұл ШОБ кредиттеу қарқындарын ұстап тұруға жағдай жасады, олар сәуір-мамырда байқалған шамалы төмендеуден кейін (-1,15%) тамыздан бастап оң бағытқа өтті және 2020 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша **4,6%**-ға **4,15 трлн** теңгеге дейін ұлғайды.

**2.** Мемлекет басшысының экономиканың зардап шеккен секторларындағы ШОБ-тың барлық қолданыстағы кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жылдық 6%-ға дейін мемлекеттік субсидиялауды қамтамасыз ету жөніндегі 2020 жылғы 1 қыркүйектегі тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі 2020 жылғы 20 қазандағы № 679[3] қаулыны қабылдады.

Осы қаулыға сәйкес 12 ай кезеңге, төтенше жағдай режимі жарияланған сәттен бастап (2020 жылғы 16 наурыз – 2021 жылғы 15 наурыз (қоса алғанда) аралығы) экономиканың зардап шеккен секторларындағы (экономиканың 29 секторында) ШОБ субъектілерінің барлық қолданыстағы кредиттері бойынша

---

[3] «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 679 қаулысы

пайыздық мөлшерлемелерді жылдық 6%-ға дейін субсидиялау талаптары бекітілді.

Бұл ретте пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау жағдайларына 2020 жылғы 1 қыркүйекте қолданылған ШОБ субъектілерінің қарыздары жатады. Осылайша, қарыз алушының банкке өтініш жасау күніне қарамастан, оның 2020 жылғы 16 наурыз – қоса алғанда 2021 жылғы 15 наурыз аралығындағы барлық төлемдері субсидияланатын болады.

Банктер уақтылы 2020 жылғы 30 қазанға дейін ШОБ субъектілері-қарыз алушылардың тізімдерін және өтініш-сауалнамаларын «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ-қа (бұдан әрі – Қор) ұсынды.

**2020 жылғы 3 желтоқсандағы** жағдай бойынша Қор сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін субсидиялау үшін экономиканың зардап шеккен секторларында **4 157** ШОБ субъектісінің **8 784** өтінімін (жобасын) мақұлдады, бұл кредиттер бойынша жалпы сома **750 млрд** теңгені құрайды. Бүгінгі күні Қор банктерге **1 788** ШОБ субъектісінің **4 653** банктік қарыз шарты бойынша субсидия төледі. Қордың ақпараты бойынша қалған қарыз алушылар бойынша субсидия **2020 жылғы желтоқсан** айының ішінде төленеді.

Субсидия банктерге аударылады және қарыз алушы өзінің қарыздары бойынша сыйақыны өтеу үшін пайдалануы мүмкін. Егер ол қарызды өтеу мерзімі аяқталғанға дейін пайдаланылмаған жағдайда, ол қарыз алушыға төленеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 қарашадағы №783 қаулысына[4] сәйкес мемлекеттік субсидия алуға өтінімдер қабылдау 2020 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартылады, бұл ШОБ-тың қарыз алушы субъектілерінің көпшілігіне пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бағдарламасына қатысуға, ал банктерге қажетті ақпаратты Қорға уақытылы жіберуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, банктер **2020 жылғы 30 қазаннан** кейін Қорға субсидиялауға жататын қарыз алушылар бойынша шамамен **600** өтінім (жоба) бойынша мәлімет берді.

Осылайша, ШОБ-тың қарыз алушы субъектілерінің борыш жүктемесін төмендету мақсатында мақұлданған қарыздар бойынша барлық төлем 2020 жылғы 16 наурыз - 2021 жылғы 15 наурыз аралығындағы бүкіл кезеңде 6% мөлшерлемесі бойынша субсидияланады.

**Төраға** **М. Әбілқасымова**

Орынд.: Муратова М., тел.: 8 (727) 237-1186

[4]«Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 қарашадағы № 783 қаулысы

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

A15C9T5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

A15C9T5, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

03.12.2020г. № 07-1-05/75

**Депутатам**
**фракции ДПК «Ак жол»**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**
**Перуашеву А.Т.**
**Казбековой М.А.**
**Барлыбаеву Е.Х.**
**Никитинской Е.С.**
**Абсатирову К.Г.**
**Дюсембинову Б.С.**
**Еспаевой Д.М.**

*На депутатский запрос от 04.11.2020г. № ДЗ-172*

**Уважаемые депутаты!**

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство), рассмотрев запрос депутатской фракции «Ак жол» Мажилиса Парламента Республики Казахстан по вопросу субсидирования процентных ставок по кредитам субъектов МСБ, сообщает следующее.

**1.** В период чрезвычайного положения и ограничительных мер в целях поддержки субъектов МСБ в соответствии с Приказами Председателя Агентства от 26 марта 2020 года № 167[5] и от 15 июня 2020 года № 251[6] было принято решение по предоставлению кредитными организациями отсрочки по займам субъектов МСБ, осуществляющих деятельность в отраслях экономики, пострадавших в результате введения чрезвычайного положения и карантина.

По результатам принятых мер отсрочка была предоставлена:

**- с 16 марта по 15 июня 2020 года 12,5 тыс.** субъектам МСБ, осуществляющие деятельность в таких отраслях как торговля, туризм и

[5] Приказ Председателя Агентства от 26.03.2020г. №167 «Об утверждении Порядка приостановления выплат сумм основного долга и вознаграждения по займам населения, малого и среднего бизнеса, пострадавших в результате введения чрезвычайного положения»
[6] Приказ Председателя Агентства от 15.06.2020г. № 251 «О дополнительных мерах поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства».

гостиничный бизнес, пассажирские и грузовые перевозки, общественного питания и т.д. (порядка **350 видов** экономической деятельности), на сумму **164,8 млрд.** тенге;

- **с 15 июня до 1 октября 2020 года** отсрочка платежей предоставлена по **11,2 тыс.** заявкам субъектов МСБ (около **150 видов** экономической деятельности) на сумму **43,9 млрд.** тенге.

Предоставление отсрочки позволило субъектам МСБ вернуться к погашению займов после восстановления своего финансового состояния и не допустить случаи возникновения просроченной задолженности по договорам банковского займа и микрокредита.

С целью сохранения доступа субъектов МСБ к банковским займам, реструктуризации этих займов и предоставления отсрочки для предпринимателей, испытывающих финансовые трудности был реализован комплекс **временных регуляторных мер**:

- для высвобождения капитала для покрытия кредитных рисков по займам бизнесу были со 100% до 50% снижены коэффициенты риск-взвешивания при расчете достаточности собственного капитала по займам и гарантиям, выданным субъектам МСБ, и синдицированным кредитам;

- для расширения перечня залогового обеспечения, принимаемого банками как обеспечение, в перечень залогов, признаваемых «твердыми» при расчете провизий, были включены проекты ГЧП и гарантии квазигосударственных компаний, а также расширен перечень ликвидного обеспечения при расчете достаточности капитала и риска на одного заемщика;

- для проведения банками реструктуризации проблемных займов при формировании провизий банкам предоставлена возможность исключать из признаков обесценения займы, реструктурированные в связи с отсрочкой платежей.

Данные меры позволили высвободить капитал банков в размере более **468 млрд.** тенге и ликвидность в размере **1,8 трлн.** тенге. Это позволило поддержать темпы кредитования МСБ, которые после незначительного снижения, наблюдавшегося в апреле-мае (-1,15%), начиная с августа перешли в положительную траекторию и по итогам 10 месяцев 2020 года увеличились на **4,6%** до **4,15 трлн.** тенге.

**2.** Во исполнение поручения Главы государства от 1 сентября 2020 года, по обеспечению государственного субсидирования процентных ставок до 6% годовых по всем действующим кредитам МСБ в пострадавших секторах экономики Правительством Республики Казахстан принято постановление от 20 октября 2020 года №679[7].

В соответствии с данным постановлением утверждены условия субсидирования процентных ставок до 6% годовых по всем действующим кредитам субъектов МСБ в пострадавших секторах экономики (в 29 отраслях экономики) на период 12 месяцев, начиная с момента объявления режима

[7] Постановление Правительства Республики Казахстан от 20.10.2020г. №679 «О внесении дополнений в постановление Правительства Республики Казахстан от 31.12.2019г. № 1060 «О некоторых мерах государственной поддержки частного предпринимательства»

чрезвычайного положения (с 16 марта 2020 года по 15 марта 2021 года (включительно).

При этом под условия субсидирования процентных ставок подпадают займы субъектов МСБ, действовавшие на 1 сентября 2020 года. Таким образом, вне зависимости от даты обращения заемщика в банк, просубсидированы будут все его платежи, начиная с 16 марта 2020 года до 15 марта 2021 года включительно.

Банками своевременно до 30 октября 2020 года предоставлены списки и заявления-анкеты заемщиков-субъектов МСБ в АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» (далее – Фонд).

По состоянию на **3 декабря 2020 года** Фондом одобрено **8 784** заявки (проекта) **4 157** субъектов МСБ в пострадавших секторах экономики для субсидирования части ставки вознаграждения, общая сумма по данным кредитам составляет **750 млрд.** тенге. На сегодня Фондом выплачена банкам субсидия по **4 653** договорам банковского займа **1 788** субъектов МСБ. По информации Фонда, по оставшимся заемщикам выплата субсидий будет произведена в течении **декабря 2020 года**.

Субсидия перечисляется в банки и может быть использована заемщиком для погашения вознаграждения по своим займам. В случае, если она не будет использована по истечению срока погашения займа, она выплачивается заемщику.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 20 ноября 2020 года №783[8] прием заявок на получение государственной субсидии продлен до 1 декабря 2020 года, что предоставит возможность большему количеству заемщиков-субъектов МСБ участвовать в программе субсидирования процентной ставки, а банкам своевременно направить необходимую информацию в Фонд.

В этой связи, банками после **30 октября 2020 года** в Фонд переданы сведения по более, чем **600** заявкам (проектам) по заемщикам, подлежащим субсидированию.

Таким образом, в целях снижения долговой нагрузки заемщиков-субъектов МСБ все платежи по одобренным займам будут просубсидированы по ставке 6% за весь период с 16 марта 2020 года до 15 марта 2021 года.

**Председатель** **М. Абылкасымова**

Исп.: Муратова М., тел.: 8 (727) 237-1186

[8] постановление Правительства Республики Казахстан от 20.11.2020г. № 783 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 31.12.2019г. № 1060 «О некоторых мерах государственной поддержки частного предпринимательства»